

БАНК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

Орындаған: Баешев А.Т.

- Заң ғылымында құқықтың қайнар көзі дегеніміз –құқықтық нормаларды белгілейтін мем. құзыретті орг-дың актілері болып табылады. Жүріс-тұрыс нормалары, жалпы ережелерді құрайтын мемлекеттік акті.

- Құқықтың бірнеше көздері
 - Құқықтық дәстүр
 - Құқықтық үлгі
 - Нормативтік құқықтық акт

- Құқықтық дәстүр
 - Тарихтың даму барысында қалыптасқан, әдетке айналып, мемлекет арқылы бекітілген
- Құқықтық үлгі
 - Өзге де көздерден үлгі ретінде қолдану
- Нормативтің құқықтық акт
 - Мемлекеттік уәкілді органмен немесе лауазымды тұлғамен қабылданған ресми құжат

Нормативтік құқықтық актілер

- Негізгі
- Туынды
- Өзге де

Негізгі нормативтік актілер

- 1) Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар;
- 2) ҚР Президентінің Конституциялық Заң күші бар Жарлықтары ҚР Президентінің Заң күші бар Жарлықтары ҚР Президентінің өзге де нормативтік құқықтық Жарлықтары;
- 3) ҚР Парламенті мен оның палаталарының нормативтік қаулылары;
- 4) ҚР Үкіметінің нормативтік қаулылары;
- 5) ҚР Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Сотының ҚР Орталық сайлау комиссиясының және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің нормативтік қаулылары;
- 6) ҚР министрлері мен өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;
- 7) орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;

3. Нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлеріне мыналар жатады:

1) регламент - қандай да бір мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің ішкі тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық акт;

1-1) техникалық регламент - Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес әзірленетін және қолданылатын өнімдерге және (немесе) олардың өмірлік циклінің процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

1-3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт;

1-4) мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын сақтау жөніндегі талаптарды белгілейтін және көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тәртібін, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт;

2) ереже - қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттігін белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

3) қағида - қандай да бір қызмет түрін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық акт;

4) нұсқаулық - заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын егжей-тегжейлі көрсететін нормативтік құқықтық акт.

Қазақстан Республикасының заңдарында туынды түрдегі нормативтік құқықтық актілердің өзге де нысандары көзделуі мүмкін.

4. Туынды түрлердегі нормативтік құқықтық актілер негізгі түрлердегі нормативтік құқықтық актілер арқылы қабылданады немесе бекітіледі және олармен бір тұтастық құрайды. Туынды түрдегі нормативтік құқықтық актінің нормативтік құқықтық актілер сатысында алатын орны негізгі түрдегі актінің деңгейімен анықталады.

4-1. Орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғай алмайды.

5. Орталық атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілер шығаруға құқығы жоқ.

6. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылдайтын жеке қолданылатын құқықтық актілер нормативтік құқықтық актілер болып табылмайды.

Өзгеде қайнар көздер

- Халық аралық шарттар, конвенциялар, норм.құқ. АКТ.

- Банктің құқықтың қайнар көздері
 - ҚР Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
- ҚР Азаматтық кодексі 1994 жыл 27 желтоқсан
- ҚР Ұлттық Банкі туралы 1995 жыл 30 наурыз
- ҚР Банктер және банк қызметі туралы 1995 жыл 31 тамыз
- «ҚР қаржы секторын дамытудың 2030 жыл дейінгі тұжырымдамасы туралы» 2003 жылғы 28 шілде
- ҚР Президенті Жарлығының жобасы туралы 2014 жыл 27 мамыр
- Төлемдер және төлем жүйелері туралы 2016 жыл 26 шілде
- Оңалту және банкроттық туралы 2014 жыл 7 наурыз
- Рұқсаттар және хабарламалар туралы 2014 жыл 16 мамыр
- ҚР кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы 2004 жыл 6 шілде
- ҚР Ұлттық Банкінің вексельдерді қайта есепке алу ережесін бекіту туралы ҰББ 2004 жыл 16 сәуірдегі қаулысы